

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

демалысқа жолдамалар, сыяқылар, марапаттаулар, лауазымын жоғарылату, жалақысын 3%-ға арттыру, біліктілігін арттыру (шет елдерге).

Біз үшін командалық жұмыстар да бағаланады. Егер сіздің командаңыз жоғары жетістіктерге жетер болса, сізге бонустық балдар қосылады.

Бұл есептеулерді арнайы персонал, яғни HR-менеджерлер жүргізіп, бағалайды.

Жобаны жүзеге асыру барысында келесідей нәтиже әкеледі:

- персоналдың жұмысқа деген жауапкершілігі жоғарылайды;
- басшылардың жұмысы оңтайландырылады;
- кәсіпорынның еңбек өнімділігі жоғарылайды;
- персоналды жұмысқа қабылдау, жұмыстан шығару, жұмыс орнын ауыстыру, жоғарылату, төмендету тиімді жолға қойылады;
- жұмысшылардың жұмысқа деген ынтасының жоғарылауы;
- басшы өзіне керекті категориялар бойынша қызметкерлерді таңдау мүмкіндігіне ие бола алады;
- жұмысшы жалақысы объективті түрде төленеді;
- қызметкерлер арасында кері байланысты орнату;
- қызметкерлер арасында бәсекелестік;

Біздің рейтингтік жүйемізді қолдану арқылы көптеген нәтижеге жетуге болады. Қызметкерлерді ұйымдастыру, қағазбастылық сынды мәселелер оңайға соғады. Сонымен қатар қажетсіз кадрларды қысқартуға мүмкіндік аласыз. Неміс тәжірибесіне сүйене отырып бұл жүйенің біраз пайда алып келгенін көре аламыз. Осы жүйені қолдану арқылы кәсіпорын жұмысы алға басып, өз саласында соңғы алты жылда үздік атанды. Әр түрлі статистика мен конкурстар осы сөзімізге дәлел болмақ.

Қолданылған әдебиет

1. http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31120812
2. <http://www.uniface.kz/index.php?id=120&post=article§ion=4>

ӘОЖ 336.71

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ ҚҰНСЫЗДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Пазиллов Медеу

killer_kz.93@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Қ-23, 2 курс, мамандық «Қаржы»

Ғылыми жетекшісі – Нурбаева А.Т.

Қазіргі уақытта әлемдік дағдарыс болып жатқаны баршамызға белгілі. Әрине бұл Қазақстанға да септігін тигізбей қалмайды. Себебі Қазақстан сыртқы экономикаға тәуелді мемлекет, сатып жатқан өнімдердің барлығы шикізат түрінде. Қазақстан ең көп экономикалық байланыс жасайтын мемлекеттер Ресей, Қытай және Еуропалық Одақ болып табылады. Бұл мемлекеттерге еліміз мұнай-газ, түсті металлургия, көмір және т.б сияқты қазба байлықтарды өнім түрінде сатады, оны сосын өзіміз тауар ретінде қайтадан сатып аламыз. Баршамызға белгілі 2015-жылдың қаңтар айынан бастап мұнай бағасы төмендеп кетті. Соның әсерінен доллардың өсіп кетуінен ұлттық валютамыз құнсызданып кетті. Негізі тәуелсіздік алғалы бері валютамыз құнсызданып келеді. Бұған негізгі себеп, біріншіден, Ресейге санкция жариялағалы бері болса екіншіден, мұнайдың бағасы төмендегеннен. Ұлттық валютамыз құнсыздануының алдын алу үшін, ең алдымен қара алтынды сатып емес, өзімізде өндіріп одан қандай тауар шығаратын болса, еш болмаса жартысын шығарса экономикамызда валютамыздың да көтерілуіне себеп болар еді. Міне көршіміз қырғыз елінің валютасы теңгеден жоғары. Біздің олардан қай жеріміз кем, артық болса болар кем

емес. Олардың айтарлықтай қазба байлықтары болмаса, олар істеген жұмысты бізде істей аламыз. Қазірше оны амалға асыру жоғарыда отырған ағаларымыздың қолында.

Ұлттық валютаның құнсыздануын алдын алу үшін менің пікірім бойынша ең алдымен қолма-қол ақшаларды азайтып, оның орнына есеп шоттық есеп айырысуларды алға тарту керек. Себебі Қазақстандағы төлемдердің 93 пайызы қолма-қол арқылы жүреді. Бұл есе төлемдердің барлығы салық айналымынан тыс қалып, көп жағдайда доллармен жүретін “көлеңкедегі қаржы” болып қалуда. Қазіргі уақытта үлкен көлемдегі қаржыны қалтаға салып жүруге қорқасың. Егерде банкте болса, көңілің тыныш жүреді. Қандайда зат алсаң да есеп шот арқылы аудару өте ыңғайлы болады. Бірақ, өкінішке орай халық қолма-қол ақшамен саудаласқанды жөн көреді және теңгемен емес доллармен.

Тағы да айта кетсем, қазірде доллардың құнын төмендету үшін арнайы жоспар енгізу қажет. Мұнда долларға ешқандай шек қойылмастан, жалпы, теңгенің депозиттегі салымына 10%-ға дейін сыйақы қосылса, доллармен депозит ашсаңыз, бар-жоғы 3%-дық үстемақы болады. Демек, теңгемен салынған депозиттен көбірек пайда табады деген сөз. Егер елде 35 банк болса, әрқайсысында 10 млн теңгеге дейін кепілдендіріледі, яғни 350 млн теңгеге дейін қаржыға кепілдік беріледі деген сөз. Бұл әжептәуір зор мүмкіндік. Ұлттық Банк төрағасы болған Қайрат Келімбетовтің амалға асырған шаралары жақсы нәтиже берді өз уақытында. Жалпы айтқанда мәселе тек қана, доллар болмаса теңге құны жайлы емес. Айтылған жатқан мәселе бір жақты ғана. Бұдан басқа айтылатын да шешілетінде мәселе көп[1].

Тәуелсіздік алғаннан кейін және қазіргі кезге дейінгі валюта өзгерісіне тоқталып отейік. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі теңгенің валюталық курсына алғаш рет 1993 жылы бекітті: 1 АҚШ доллары 4,7 теңгеге тең болды.

Халықаралық валюта қоры ҚР-да ұлттық валюта енгізу акциясын қолдап, Ұлттық банкке 90 млн. доллар көлемінде стенбай несиесін және Жапония біздің елдің төлем балансын қолдау мақсатында Қаржы министрлігіне 180млн.доллар берді. Бұл 17 жылға берілген жұмсақ несиелер еді. Қорыта айтқанда, 1993 жылы ақша реформасы ойдағыдай өтті. Енді ұлттық валютаның ішкі және сыртқы тұрақтылығымен қамтамасыз ету қажет. Айналымға теңгені инфляцияның қарқындауы және бұрынғы одақтас республикалардың өзара байланысының үзілуі мен саяси ала ауыздығы тереңдей түскен қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында өтті. Теңгені енгізгеннен кейінгі 2,5 айда, яғни 1994 ж. 1 ақпанына теңгенің курсы долларға қарағанда 2,5 есе төмендеді. Келесі 4 айда, яғни кәсіпорындар мен бюджеттің арасындағы қарызды өзара есептеудің кең ауқымды компаниясы басталғанда теңгенің курсы долларға 11,58 теңгеден 43,3 теңгеге жетті. Егер 1995 жылы теңгенің бағамы 17,9%, 1996 жылы – 15,4% төмендеген болса, 2001 жылы теңгенің номиналдық құнсыздануы 5,17%, 2002 жылы – 3,25% -ға, биыл 2015 жылы 7-8% құнсызданды[2].

1993 жылы Қазақстан экономика өте әлсіз жағдайда болатын. Ел экономикасын жандандыру үшін қаржы секторы нашар болған. Бәріне белгілі мұндай жағдайда сырттан қаржылық көмек алу арқылы ел экономикасын реттеу мүмкіндігі туады. Сол жылдары ұлттық валюта теңгенің құнсыздануы негізгі себептердің бірі Қазақстанға инвесторлардың басым бөлігі АҚШ долларымен жүргізді. теңге бағамының емін-еркін өзгермелі болуына жол беру керек. Ұлттық валюта енгізілгеннен кейін алғашқы екі жыл Қазақстан үшін өте қиын жылдар болды. Себебі, сол кезде шетел валютасына сұраныстың өсуі не, сөйтіп бағамның өсуіне әкеп соқтырды.

Теңгенің айырбас бағамының өзгеру қарқыны төмен және тұрақты болуы экономикадағы жағжайдың тәуір екендігін көрсетеді. Осы орайда таяу перспективаға Г.А. Марченконың сөзіне сүйенсек: «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес Ұлттық банктің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету. Ұлттық банк сыртқы рынокта қазақстандық тауарлардың баға бәсекелестігі қабілетін қолдау үшін теңгенің өзгермелі айырбас бағамының режимін сақтау ниетінде, ол ақшаға сұраныс пен ұсыныстарға байланысты бағамның өзгеруіне негіз болады[3].

Кесте 1 - Ұлттық валюта теңгені SWOT – талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
1. Құрылымы жағынан; 2. Теңге әлемдегі неғұрлым жақсы қорғалған валюталардың бірі; 3. Ең озық технологиялар пайдаланғанында; 4. Қазақстан теңгесі Қазақстанның ежелгі тарихы бар ел екендігін көрсете алуы;	1. Халықта теңгеге деген сенімнің төмен болуы; • 2. Елімізде теңгемен депозитке салу тиімсіздігі; 3. Сыртқы сауда байланыстарында бәсекеге қабілетсіз; 4. Ұлттық валюта бағамының долларға тәуелділігі;
Мүмкіншіліктері	Қауіптер
1. Экономиканың көтерілуі теңгенің мәртебесін жоғарылатады; 2. Еркін айналымға жіберілуі; 3. Теңгенің экономикалық үдеріс ретінде енуі мемлекеттік кәсіпорындардың көбейуіне мүмкіншілік туғызады;	1. Қара алтынның құнсыздануы мен металға деген сұраныстың азаюуына тәуелділігі; 2. Теңгеге деген сұраныстың азаюы; 3. Теңгенің девальвацияға көп ұшырауы;
Е с к е р т у: Автормен құрастырылған	

Қорыта келгенде, Қазақстанның Ұлттық валютасы теңгенің құнсыздануына көп себептер бар екен. Жоғарыда айтқандардан тағы басқасы, еліміздегі банктер шет елдерден қарыз болуы. Банктер қарыз алғанда доллар есебімен алады және доллар есебімен қайтарады. Бұл дегені қарызды өтеу кезінде банктер де доллар жеткіліксіз болады. Ол бос орынды толтыру үшін банктер айырбастау орындарынан долларды сатып алады да қарызын өтейді. Сосын доллар кеми еді де долларға деген сұраныс артады. Оған мысал ретінде АҚШта болған 2007 жылғы ипотекалық дағдары, сол ипотекалық дағдарыс елімізге 2008 жылы болғанын білсек керек. Бұған себеп сыртқы экономикаға тәуелді екенімізде, еш болмаса сол тәуелділікті аз ғана болсада азайтсақ жақсы болар еді. Соның арқасында валютамызда құнсыздануы кеміген болар еді. Ел басымыз айтқанындай инновациялық өнімді шығару ғана емес оны шығаратын құрал жабдықтарды шығара біуіміз керек. Бұл айтылып жатқан мәселе мен себептерден басқа біз сыртқы бар. Қазірге кезде доллар бағамы 346 мен 350 теңге арасында болып тұр. Бұл бағам қазіргі күнде жақсы нәтиже, бірақ көпшілік сайлау өткеннен соң көтеріледі деп ойлап жүр. Сол үшін де, ақшаларын доллармен сақтап жатыр. Егер біз патриот болып доллармен емес, теңге мен мәміле жасағанымыз да, біраз болса да жағдай жақсарған болар еді. Бұл дегені доллардың көтеріліп теңгенің құнсыздануына сыртқы экономика ғана байланыста емес екен, өзіміз де кінәлі екенбіз. Бірақ, ол мәселелерді шешу үшін, біз баршамыз бір болып әрекет жасауымыз керек.

Колданылған әдебиет:

1. Интернет сайты: www.nationalbank.kz
2. <http://student.zoomru.ru/buhaudit/azastan-respublikasyny-ltty-valjutasy-/54412.429676.s6.html>
3. Оқу құралы: Мақыш С.Б «Ақша айналысы және несие» Алматы 2004